

ӘОЖ: 33.364

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Серикбаева Қарлығаш Төлеубековна

karlygash_2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қ.Нур-Султан, Қазақстан
Экономика-2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Бекбенбетова Б.Б.

Халықтың өмір сүру деңгейі – бұл халықтың әл-ауқатының, игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, адамдардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру шамасын сипаттайтын жағдайлар мен көрсеткіштер жиынтығы. Басқа сөзбен айтқанда, өмір сүру деңгейі қоғамда тұратын адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мен даму дәрежесі, ол әр түрлі игіліктерді тұтынумен немесе тұтыну жиынтығының пайда деңгейімен анықталады.

Қажеттіліктер – бұл теориялық және қолданбалы экономиканың категорияларының бірі және адамдардың өмір сүру деңгейін анықтайтын түйін болып табылады. Қажеттіліктер физиологиялық (тамақ, киім, баспана) және әлеуметтік (білім, мәдениет, өнер және т.б.) болып бөлінеді.

Өмір сүру деңгейі түсінігін анықтауда кең таралған көзқарас бұл халықтың табысы. Ресми статистикалық материалдарда, әсіресе статистика агенттігінің жинақтарында, өмір сүру деңгейіне табыстарды, жалақыны, зейнетақыны, әлеуметтік жәрдемақыны және трансферттерді қосатын барлық рубрикалар жатады.[1]

Халықтың табысын арттыру-бұл әлеуметтік жоспардың міндеттерінің бірі ғана емес, сонымен қатар тұтынушылық өсу факторы, жалпы есепте - экономиканың көтерілуі. Мемлекет өз азаматтарының өмір сүру деңгейін арттыруда басты рөл атқарады.

Біріншіден, бұл салықтық, инвестициялық климатты қоса алғанда, бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау, қаржылық және институционалдық инфрақұрылым құру, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілері үшін бәсекелестікті дамыту болып табылады.

Екіншіден, әлеуметтік даму саласында (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру), сондай-ақ инфрақұрылымды қалыптастыруда (қоғамдық объектілерді,

жолдарды салу, көлікпен қамтамасыз ету) халыққа мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бюджет шығыстарын жоспарлауда.

Үшіншіден, әлеуметтік кепілдіктер - жалақы мен зейнетақының ең төменгі орташа айлық мөлшерін белгілеу арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарын тікелей әлеуметтік қорғауда.

Төртіншіден, мемлекеттік қызметшілерге, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының бюджет қызметкерлеріне жалақы төлеу арқылы белгілі бір қызметкерлер тобының кіріс саясатына, сондай-ақ салық саясатына елеулі әсер етуде.

«Өмір сүру деңгейі» экономикалық зерттеу объектісі ретінде оның басты міндеттері деп келесілерді атауға болады:

- адамның өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалау (салауатты өмір салтын жүргізу қабілеті, білім алу мүмкіншілігі, лайықты өмірге жеткілікті табыс көзі және жоғары кәсіби білімі);
- атаулы және нақты табыстарды зерттеу;
- халықтың баспанамен, ұзақ қолданылатын тұтыну игіліктерімен қамтамасыз етілуі;
- әлемнің әр түрлі елдеріндегі өмір сапасы мен оның деңгейін бағалау арқылы ел аралық салыстыру жүргізу;
- аталмыш сала саясатын қалыптастыру үшін өмір сүру деңгейін зерттеу. [2]

Үй шаруашылығы – бір немесе одан да көп жеке адамдардан құралған, бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын экономикалық субъект. Төмендегі кестелерде 2017 жылғы 11768 үй шаруашылықтарына жүргізілген іріктеп зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар келтірілген.

Ақшалай табыстарға еңбек қызметтері, әлеуметтік трансферттер және өзге де ақшалай түсімдерден түскен табыстар кіреді. Еңбек қызметінен түскен табыс – бұл жалдану және өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстар. Үй шаруашылығы мен еңбек рыногын зерттеудің әдіснамасына сәйкес, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен табыс еңбек қызметінен түскен табысқа (өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстың құрама бөлігі ретінде) кіреді.

Әлеуметтік трансферттер – зейнетақы, атаулы әлеуметтік және тұрғын үйлік көмек, жәрдемақы және шәкіртақылар.

Меншіктен түскен табыс – акциялар және басқа да бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен ұтыстар; борыш түрінде ұсынылған соманы пайдаланғаны үшін, салымдар бойынша пайыздар; салымдар бойынша ұтыстар; тұрғын үйді, көлік құралдарын, техникаларды, жер учаскелерін жалға беруден түскен табыстар, сондай-ақ ақшаға шағылып, таза түрде түскен рантие табыс.

Өзге де ақшалай табыстары көрсеткіші ақшалай табыстардың мынадай түрлерін: мүліктен, тұрғын үйді жалға беруден, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыздар, лотерея бойынша ұтыс ойындарынан, салымдардан, ойынханалардан, викториналық ойындардан, мұрагерліктен, жол апаты және тағы басқа жағдайларда автокөлік құралдарын сақтандыруға алудан түскен табыстарды есепке алады.

Есепті кезеңде үй шаруашылығының ақшалай табыстары орташа шаққанда 1962397 теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 8,2%-ға жоғары. Ақшалай табыстардың құрамында зейнетақы және өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстабыстардың айтарлықтай өсімін атап көрсетуге болады. (1-кесте)

1-кесте. Үй шаруашылықтарының ақшалай табысы, теңге (2017 ж.)

Өңір	Оның ішінде	
	әлеуметтік трасферттер	өзге де табыстар

	Ақшалай табыс, барлығы	еңбек қызметіне н түскен табыстар	Зейнет ақы	Жәрдем ақы	Стипендиялар	меншіктен түскен табыс	өзге де ақшалай түсімдер
ҚР	1 962 397	1 497 855	321 987	57 099	8 064	8 568	15 455
Ақмола	1 660 486	1 188 730	334 072	70 120	6 591	8 080	10 591
Ақтөбе	2 216 407	1 752 177	295 930	52 011	9 502	6 347	14 428
Алматы	1 854 680	1 389 575	319 098	63 611	10 413	3 976	16 220
Атырау	2 201 935	1 808 325	285 107	74 632	3 949	3 440	15 285
Батыс Қазақстан	1 872 652	1 384 034	327 464	61 080	7 219	8 149	15 199
Жамбыл	1 591 765	1 225 126	286 936	47 311	2 057	4 005	12 413
Қарағанды	2 049 151	1 512 373	347 012	75 374	6 275	6 217	15 955
Қостанай	1 684 700	1 200 379	334 466	53 510	7 973	5 146	18 149
Қызылорда	2 169 439	1 589 875	355 770	110 194	25 488	25 501	16 517
Маңғыстау	2 908 932	2 529 373	261 129	69 871	5 703	4 809	11 923
Оңтүстік Қазақстан	1 667 551	1 344 933	215 671	49 906	7 386	1 351	15 624
Павлодар	1 663 219	1 206 083	332 351	55 991	8 873	2 891	16 336
Солтүстік Қазақстан	1 590 358	1 020 598	405 080	67 269	6 745	17 204	16 091
Шығыс Қазақстан	1 755 143	1 186 411	417 501	60 262	3 984	4 531	16 237
кесте жалғасы							
Нур-Султан қ.	2 642 203	2 193 120	286 079	38 644	6 711	15 200	16 307
Алматы қ.	2 392 459	1 897 485	361 121	32 777	12 331	24 146	15 574
Ескерту: Статистика комитетінің ресми сайтынан алынған[3]							

Ақылы қызметтердің шығыстары тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің төлемдері, көлік және байланыс, білім беру, денсаулық сақтау, киімдерді, аяқкиімді, тұрмыстық техниканы, жабдықтарды және басқа да қызмет түрлеріне кеткен шығыстардан құралады.

Тұтыну шығыстары – тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға бағытталған халықтың ақшалай шығыстарының бөлігі. Тұтыну шығыстарына азық-түлік тауарлары, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерді сатып алуға кеткен шығыстар кіреді. Тұтыну шығыстарының құрылымын пайдалану түрлері бойынша осы шығыстардың деңгейі мен құрамы анықтайды, яғни тамақ өнімдерін сатып алуға кеткен үй шаруашылығы шығындарының үлесін, үйден тыс тамақтану, алкогольді ішімдіктер, темекі бұйымдары, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерді сатып алуға кеткен шығындардың үлесін сипаттайды.

Үй шаруашылықтарын зерттеу деректері бойынша ақшалай шығыстары орташа үй шаруашылығына шаққанда 2017 жылы 1911125 теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 12%-ға жоғары. Тұтыну шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарларына (14,1%-ға) шығыстардың ең жоғары өсімі белгіленді, бұл ретте шығыстардың барынша артуы азық-түлік тауарларына (21,3%-ға) Жамбыл облысында байқалды. (2-кесте)

2-кесте. Үй шаруашылықтарының шығыстары, теңге (2017 ж.)

Өңір	Ақылы қызметтер, барлығы	Оның ішінде, қымметтер						Тұтыну шығыста барлығы
		коммуналдық, тұрғын үй, оны жөндеу	білім беру	денсаулық сақтау	көлік	Байланыс	демалыс, ойын-сауық, мәдениет	
ҚР	407 727	119 258	41958	33 500	63 424	64 780	19418	1769681
Ақмола	314 824	100 943	33439	21 901	41 252	65 092	8567	1490636
Ақтөбе	400 882	99 034	42416	29 253	56 590	75 057	15601	1684586
Алматы	389 421	101 122	43634	30 044	71 212	58 519	12402	2010984
Атырау	337 198	91 071	35998	18 278	67 842	70 242	7817	2010439
Батыс Қазақст.	342 265	106 417	36111	24 855	59 484	57 055	12157	1523246

Жамбыл	271 712	97 848	26934	16 473	41 989	41 170	4543	1506791
Қарағанды	456 527	134 245	46232	32 701	62 141	76 955	32690	1742736
Қостанай	318 575	120 592	30995	21 824	37 973	57 094	11241	1248830
Қызылорда	328 733	93 230	41968	26 372	51 277	40 521	9427	1927183
Маңғыстау	414 119	119 482	31063	26 814	62 345	87 526	15292	2081937
Оңтүстік Қазақстан	290 732	79 006	24546	26 689	53 914	40 541	10446	1605614
Павлодар	309 733	95 808	25289	18 645	47 584	65 660	7238	1515566
Солтүстік Қаз.	318 894	111 905	24874	22 199	46 969	59 341	10607	1397654
Шығыс Қазақс.	347 479	110 751	38455	27 286	55 018	58 132	11014	1608173
Нур-Султан қ.	690 943	174 201	85754	91 170	95 367	88 190	47360	2196568
Алматы қ.	680 503	197 049	70055	58 540	105984	93 986	49914	2303642
<i>Ескерту: Қазақстан Статистика комитетінің ресми сайтынан алынған[3]</i>								

2018 жылғы мәлімет бойынша, Республикамызда ең жоғары орташа айлық жалақы Атырау облысында-310 568 тенге. Бұл өткен жылға қарағанда 1,7%-ға жоғары. Ал ең төменгі орташа айлық жалақы- Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында.(3-кесте)

Ресми дерек бойынша, Қазақстанда екі миллионнан астам зейнеткер бар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің маусымдағы ақпаратына сәйкес, елдегі зейнеткерлердің 44 пайызы күнкөріс минимумына тең мөлшерде базалық зейнетақы алады. Биыл қыркүйекте министрлік жариялаған деректе "Қазақстанда орташа зейнетақы мөлшері - 81 мың теңге" деп көрсетілген.

3-кесте. Орташа айлық жалақының динамикасы (жылдар бойынша), тг

Өңір	2010	2015	2016	2017	2018
ҚР	77 611	126 021	142 898	150 827	161 783
Ақмола	54 557	89 176	104 816	110 776	121 358
Ақтөбе	69 726	106 778	117 446	126 640	137 526
Алматы	58 430	90 445	104 903	110 387	113 660
Атырау	148 310	225 121	268 441	264 597	310 568
Батыс Қазақстан	80 101	116 798	136 675	144 175	155 796
Жамбыл	51 340	85 298	96 044	100 536	110 988
Қарағанды	66 539	113 905	125 705	134 494	146 324
Қостанай	57 268	93 560	107 997	116 640	125 522
Қызылорда	69 753	106 332	118 963	124 107	132 829
Маңғыстау	133 148	234 007	250 787	259 672	273 160
Оңтүстік Қазақстан	57 545	85 693	99 182	103 225	-
Павлодар	64 955	108 630	122 633	131 706	139 015
Солтүстік Қазақстан	51 689	84 324	97 344	104 139	110 853
Түркістан	-	-	-	-	98 834
Шығыс Қазақстан	61 388	103 028	118 736	125 911	135 841
Нур-Султан қаласы	110 838	189 970	212 848	227 003	240 683
Алматы қаласы	106 597	161 845	178 678	190 875	197 736
<i>Ескерту: Қазақстан Статистика комитетінің ресми сайтынан алынған[3]</i>					

2019 жылы қаңтарда ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері 26 915 теңге болды. Негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 2019 жылғы қаңтарда 2018 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,8% өскен. Оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 20,5%, сүт, тоң май өнімдері мен

жұмыртқа 16,5%, жемістер мен көкөністер 8,3%, нан және жарма өнімдері 7,5%, қант, шай және дәмдеуіштер 2,2%.

Ең төмен күнкөріс деңгейі - шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға арналған ең төмен ақшалай кіріс. Ең төмен тұтыну себеті адамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жинағын білдіреді. Ол азық-түлік себетінен және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесінен тұрады. Ең төмен күнкөріс деңгейін есептеуге арналған аз тұтынылатын азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың үлесі ең төменгі тұтыну себеті құнының 45 пайыздық мөлшерінде белгіленген.

Демократиялық қоғамның құқықтық негіздерінің етене ене бастауы мен қолданыс табуы тиісті институттардың құрылып, олардың біртіндеп өмір сүрудің сапасы мен қазіргі заман сұраныстары мен ұстанымдарын өзгеріске ұшыратып келеді. Ол экономикалық маңызы зор мынадай әлеуметтік нормативтерді жақсарту қажеттілігін білдіреді:

- күнкөріс деңгейін көтеру (еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы төлемдерінің төменгі мөлшерін өсіру, олардың нақты жолдары мен тәсілдерін анық көрсету);
- халықтың өмір сүру деңгейінің жоғары стандарттарына қол жеткізуі;
- әлеуметтік қорғауды тиімді қамтамасыз ету.

Сонымен, аталған нормативтер әлеуметтік саясатты лайықты жүзеге асырудың мақсаты және оның тиімділігін арттыруда қолданылатын шаралар болып табылады. Себебі, «өмір сүру деңгейі» түсінігі азықтанудың тиімділігі, айналадағы ортаның жағдайы, денсаулық, білім мен мәдениет – тұтас алғанда, адам қарекетінің күллі мәнін айқындайтын экономикалық компоненттер жиынтығын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жеребин В.М. Экономика домашних хозяйств / В.М. Жеребин, А.Н. Романов. – М.: Финансы, – 230 б
2. «Қазақ үні» ұлттық порталы, qazaquni.kz
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты www.stat.gov.kz/www.energyprom.kz/